

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нуржанова Замира Махмутовнаның
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Жумашева Камшат Бериковнаның «Тілдегі гендерлік оппозиция» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Тілдегі гендерлік оппозиция» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы). 2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 3. «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.). 4. Қазақстан Республикасы Үкіметі жынындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (ХХІ ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.). 5. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс гендерлік оппозицияны тілдегі категория ретінде анықтап, олардың тілде презентациялану жолдарын көрсету мақсатында жазылған. Гендерлік категориялар алеуметтік лингвистикалық болмысымен сипатталатындығын және сол сипаты арқылы тілдік деректерді гендерлік тұрғыдан түсіндіретін айқынайды. Жалпы оппозиция мен гендерлік оппозиция категорияларының лингвистикалық зерттеу нысанына алынуы тілдің

			терең мазмұндық, концептуологиялық, когнитивтік, функционалдық деңгейдегі сипатталуы екендігі ғылыми тұжырымдармен, нақты мысалдармен дәлелденеді. Жоғарыда аталғандар жұмыстың өзектілігін, маңыздылығын көрсетеді және зерттеу нәтижелері тіл білімінің гендерлік лингвистика бағытындағы зерттеулердің теориялық-әдістемелік негіздерін толықтыруға, дамытуға елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай жазылған. Сүйенген материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Зерттелуі қажет әр маңызды мәселесі айқындалған, сол ғылыми мәселені шешуде ғылыми әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеп қорытуы, мысалмен дәлелдеуі, тұжырымы айқын көрінеді. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар. Ізденуші К.Б. Жумашеваның диссертациялық жұмысын өзі жазу қағидаты түргысынан жоғары деп бағалаймыз.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Гендерлік оппозицияның тілдегі көрінісінің қазақ тіл білімінде алғаш рет арнаулы қарастырылуы, зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелері жұмыстың өзектілігінің, ғылыми жаңалығының көрсеткіші болып табылады. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі айқын, логикалық байланысы сақталған, жүйелі орындалған ғылыми жұмыс деп айтуға толық негіз бар. Тақырыбың өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық түргыда сабактаса байланысқан. Диссертацияның әр бөлімінде қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толыққанды айқындауды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді , жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Диссертант гендерлік оппозицияның тілде категориялануын ғылыми негіздеу мен ассоциативтік таным түргысынан дәлелдеуді мақсат ете отырып, гендерлік оппозицияны тіл білімінде зерттеудегі негізгі ұстанымдарды анықтап, тілдегі категориялану жолдарын сипаттап, оның метафоралық табигатын, атальмадық жүйедегі маркерленуін, асимметриялық сипаттын саралаған. Зерттеу жұмысының практикалық бөлімінде гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйедегі бейнеленуін талдау арқылы гендерлік оппозициялық қатындарды анықтап, лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар

			арқылы модельденуін сипаттай отырып, гендерлік маркерленген метафоралық атальмдар құрамындағы гендерлік оппозицияның сипатын, құрамы мен мазмұндық түрлерін айқындаған. Сонымен қатар гендерлік оппозицияның тілдегі ерекшеліктерін гендерлік тілдік тұлғаның ассоциативтік тәжірибесі арқылы эмпирикалық тұргыдан дәлелдеп, зерттеу әдістемесін ғылыми негіздең.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық тұргыдан өзара толық байланысқан . Диссертацияның бірінші бөлімінде жалпы оппозиция үғымы, жіктелімі, гендерлік оппозиция және тілдегі гендерлік оппозиция үғымдарының анықтамасы жүйеленіп, өзіндік тұжырымдар жасалады. Тіл біліміндегі гендерлік оппозицияның зерттелуі, ұстанымдары анықталады және оның тілде категориялануы сипатталады. Екінші бөлімде тілдегі гендерлік оппозициялық қатынастардың модельденуі гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйеде бейнеленуі, лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар арқылы модельденуі, ассоциативтік тәжірибе бойынша зерттеу арқылы айқындалады. Осылайша, жұмыстың құрылымдық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланыста өрілген. Диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін толықтай ашып тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер – сыни талдау . Бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып, оны толықтарған (19, 20, 26-27, 39-40, 49, 74-76, 94-95, 122-123).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Осы диссертациялық жұмыс арқылы тілдегі гендерлік оппозиция қазақ тіл білімінде алғаш зерттеліп отыр. Сондықтан зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп айтуга негіз бар.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа . Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа корытындылар жасаған. Әсіресе, гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафораларды анықтап, олардың когнитивтік модельдерін жасауда және гендерлік оппозицияның мазмұнын

			ассоциативтік тәжірибе бойынша гендерлік ерекшелік индексі арқылы анықтауда тың қорытындылар жасайды.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, сонында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Зерттеу жұмысының қорытындылары тіл біліміндегі теорияларға сүйену, тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді зерделеу, нақты тілдік деректерді сараптау негізінде тұжырымдалған. Олар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге, атап айтсақ, тілдік, мәдени деректерге негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Диссертациялық жұмыстың әр қағидаты дәлелденген. Диссертацияның негізгі тұжырымдары гендерлік оппозицияның ғылыми негіздері мен зерттеу бағыттарын анықтау, категориялану жолдарының әлеуметтік-лингвистикалық және когнитивтік негіздерін айқындау, тілдің концептологиялық, метафоралық, лексикалық, семантикалық жүйелеріндегі көрінісін талдау, тіл иелерінің ассоциативтік тәжірибесіндегі гендерлік метафоралардың модельдену үлгілері эмпирикалық зерттеу арқылы нақтыланған. 7.2 Диссертациялық жұмыстың әр қағидаты тривиалды болып табылмайды. 7.3 Диссертациялық жұмыстың әр қағидатын толық жаңа деп есептеуге болады. Тілдегі гендерлік оппозиция жүйесі гендерлік лингвистика ғылымының категориясы ретінде алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып отыр. 7.4 Диссертациялық жұмыстың қолдану деңгейі кең. Себебі гендерлік оппозиция категориясын тілдік жүйеде өзектендіріп талдау ғылыми сала үшін тілдік таным, тілдік категориялау, тілдік концептуалдандыру сияқты когнитивтік-философиялық үрдістердің өзгешеліктерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді. 7.5 Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған 2 мақалада, ҚР ФЖБССҚК ұсынған басылымдарда жарияланған 3 мақалада және халықаралық конференция жинағында жарияланған 1

			мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иia</u> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты әрі толық жазылған. Көптеген теориялық мәліметтер мен тілдік деректердің қолданылуы жұмыстың кешенді түрде қарастырылғанын көрсетеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылығының зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өңдеу және интерпретациялауда әдіснамелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иia</u> ; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері гылыми зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректердің өңдеу және интерпретациялауда әдіснамелерін пайдалана негізінде алынған. Жалпы гылыми-теориялық әдістер, арнағы лингвистикалық әдістер, лингвомәдени және гендерлік талдау әдістері орынды қолданылған: гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафоралардың мазмұндық ерекшелігін анықтауда «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» деректері сәтті қолданылған, ассоциативтік тәжірибе арқылы гендерлік ерекшелік индексін анықтауда жаңаша тәсілдер арқылы жүргізілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иia</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық қорытындылары мен нәтижелері, анықталған өзара байланыстар мен зандалықтар тілдік деректер мен тәжірибелер арқылы дәлелденген: гендерлік оппозициялық қатынастар анықталып, когнитивтік модельдер жасалған, ассоциативтік тәжірибе негізінде гендерлік ерекшелік индексі арқылы тілдік санадағы гендерлік оппозициялық белгілер айқындалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаган	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы <u>расталған</u> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауга, сараптауга <u>жеткілікті</u> .
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иia</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар . Зерттеудегі теориялық тұжырымдар гендерлік лингвистиканың, әлеуметтік лингвистиканың, лингвомәдениеттанудың, этнолингвистиканың теориялық негізіне үлес қоса алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иia</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары . Зерттеу материалдарын гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лексикология, лингвомәдениеттану курстарын дайындауда, сонымен катар, тілдік және мәдени анықтамалықтар, гендерлік лингвистика сөздіктерін, лексикографиялық еңбектерді

		құрастыруда қолдануға болады.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа .	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары . Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.

Ресми рецензент төмөндегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Жумашева Камшат Бериковнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Тілдегі гендерлік оппозиция» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
орыс филологиясы кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

15.11.2023

Нуржанова З.М.

